

Аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 201 "2023-2025 жылдарға арналған Нұра ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 80 шешімі

ШЕШТІ:

1. Аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 201 "2023- 2025 жылдарға арналған Нұра ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2023-2025 жылдарға арналған Нұра ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2023 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 290 372,3 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 4 863 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 20 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімі – 285 489,3 мың теңге;

2) шығындар – 290 671,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -299,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 299,5 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 299,5 мың теңге."

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2023 жылға арналған Нұра ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсетіні ескерілсін:

еңбек ақы төлеуге – 2 321 мың теңге;

мемлекеттік органдардың күрделі шығындарына – 387,3 мың теңге;
 елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыруға – 12 407 мың теңге;
 елді мекендердің көшелерін жарықтандыруға – 25 534,9 мың теңге;
 елді мекендерді абаттандыруға – 31 573,1 мың теңге;
 автомобиль жолдарын орташа жөндеуде жұмыстары мен материалдардың сапасына сараптама жүргізуге – 0 теңге.".

Аталған трансферттерінің сомасын бөлу ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі

Аудандық мәслихат төрағасы:

М. Турымов

Аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 21 жетоксандағы № 80 шешіміне қосымша

Аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 201 шешіміне 1-

қосымша

2023 жылға арналған Нұра ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы			Сомасы (мың теңге)
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	290 372,3
1			Салықтық түсімдер	4 863
	01		Табыс салығы	293
		2	Жеке табыс салығы	293
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 670
		1	Мүлікке салынатын салықтар	90
		3	Жер салығы	4
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 576
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 900
		3	Табиғи және басқа ресурстарды	1 900

			пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	
2			Салықтық емес түсімдер	20
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	20
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	20
4			Трансферттердің түсімдері	285 489,3
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	285 489,3
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	285 489,3

Функционалдық топ						
	Кіші функция					Сомасы (мың теңге)
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
			Бағдарлама			
				Атауы		
1	2	3	4	5	6	
				II Шығындар	290 671,8	
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	37 847,3	
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	37 847,3	
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	37 847,3	
				Аудандық маңызы бар қала		

			001	, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	37 460
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығандары	387,3
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	73 056,5
	2			Коммуналдық шаруашылық	12 407
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	12 407
			014	Елді мекендерді с у м е н жабдықтауды ұйымдастыру	12 407
	3			Елді мекендерді көркейту	60 649,5
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	60 649,5
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	26 734,9
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	644,5
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	33 270,1
12				Көлік және коммуникация	0,0
	1			Автомобиль көлігі	0,0

		124		Аудандық маңыз ы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,0
			045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және ағымдағы жөндеу	0,0
13				Басқалар	179 768
	9			Басқалар	179 768
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	179 768
			057	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі элеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	179 768
				III. Таза бюджеттік кредитеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0

				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-299,5
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	299,5

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы		Атауы	
		Ішкі сыныбы		
1	2	3	4	5
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	299,5
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	299,5
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	299,5